

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры

Ж. Темирбекова

» 09 2022 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰСҚАУЫ

ЖН-СМЖ-021-2022


**ҒҒТҚН КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Коммерцияландыру офісімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Коммерцияландыру офісінің басшысы А.Исаков
3. Келісілді – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
– Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-ректоры
П.Пилтен
– Шаруашылық мәселелер вице-ректорының
қызметін атқарушы Г. Байсенкул
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының
басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-021-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
ҒҒТКН коммерцияландыру бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 2 – беті

1. Қолдану саласы

1.1 Осы нұсқаулық университеттің Оқытушы-профессорлық құрамының ғылыми-техникалық зерттеу жұмыстары мен жобаларын жүзеге асыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарының сандық және сапалық көрсеткіштерін арттыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін құжат болып табылады. Осы нұсқаулық университет ОПҚ-ның ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырып, одан әрі коммерцияландыруда негізгі құрал ретінде қолданылады. Бұл нұсқаулықты қолдану және орындау университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінің ОПҚ-ы және ғылыми қызметкерлері үшін міндетті.

1.2 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі дегеніміз - ғылыми немесе ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған және кез келген ақпараттық жеткізгіште тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері.

1.3 Зияткерлік меншік объектілері дегеніміз - зияткерлік қызмет нәтижелері және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дараландыру құралдары.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Бұл нұсқаулық университет Жарғысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2.2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

2.3 Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;

2.4 Қазақстан Республикасының «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңы;

2.5 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру қағидалары;

2.6 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ұлттық ғылыми кеңестер туралы» Қаулысы;

2.7 Қазақстан Республикасының «Патент» Заңы;

2.8 Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы;

2.9 Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

2.10 Осы Ережеде анықталмаған мәселелер Университеттің тиісті ішкі ережелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

3. Атаулар және қысқартулар

3.1 Осы нұсқаулықта төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

ЖОО – Жоғары оқу орындары;

ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы;

Қожа Ахмет Ясаун атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖИ-СМЖ-021-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
ҒҒТҚН коммерцияландыру бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 3 – беті

Нұсқаулық - Университеттің шаруашылық келісім-шарт жасау бойынша нұсқаулығы;

ҒҒТҚН - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері;

ҒҒТҚН коммерцияландыру - табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық тұрғыда қолдануға байланысты қызмет;

ҒҒТҚН коммерцияландыру саласындағы зияткерлік қызмет нәтижесі - өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалардың топологиялары, электрондық есептеу машиналары мен дерекқорға арналған бағдарламалар және ҒҒТҚН алынған зияткерлік қызметтің басқа да нәтижелері;

ҒЗТҚЖ - Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

Жоба - қолданбалы зерттеулер саласындағы жұмыстар, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижесі болып табылатын жаңа немесе жетілдірілген өндірістерді, технологияларды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді құруға немесе ілгерілетуге бағытталған, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің коммерцияландыруға бағытталған жоба;

Автор - шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға;

Коммерцияландыру офисі - коммерциялық әлеуеті бар жобаларды іріктеу мен қолдауға жауапты университеттің құрылымдық бөлімі; зияткерлік меншікті басқару, зияткерлік қызмет нәтижелерін ілгерілету мен коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау және осы құрылымдық бөлімше туралы ережеге сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады;

Құрылымдық бөлімдер – университеттің департаменттері, факультеттері, орталықтары, кафедралары, коммерцияландыру офисі.

4. Нұсқаулықтың мақсаты

4.1 Нұсқаулықтың негізгі мақсаты, мемлекеттік, халықаралық мекемелер және жеке кәсіпорындар тарапынан ұйымдастырылатын гранттық негіздегі конкурстар арқылы университет ғалымдарының ғылыми-техникалық зерттеу жобаларының әлеуетін арттыру және ғылымның инновациялық басым бағыттарының әлемдік зерттеулерге кіріуін қолдау, сонымен қатар университеттен шыққан өнеркәсіптік-инновациялық қызмет түрлерін коммерцияландыруға жәрдемдесу болып табылады.

4.2 ҒҒТҚН коммерцияландыру жобалары бойынша қызмет тиімділігін арттыру мақсатында, құрылымдық бөлімдер мен университет арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

4.3 Құрылымдық бөлімдер мен университетте жүргізілетін ғылыми жұмыстардың нәтижелігі үшін ашықтық, айқындылық, кәсібилік және жауапкершілік қағидаты бойынша өзара байланыс жасайды.

4.4 ҒҒТҚН коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын орындауды қамтамасыз етеді.

4.5 ҒҒТҚН коммерцияландыру процесі қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

4.6 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін, университетпен олардың ұжымдарының, ғалымдардың ғылыми-техникалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖИ-СМЖ-021-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
ҒҒТҚН коммерцияландыру бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 4 – беті

5. ҒҒТҚН коммерцияландыру жобалары процесінің қатысушылары

- 5.1 Коммерцияландыру офісі;
- 5.2 Оқытушы-профессорлар құрамы;
- 5.3 Құрылымдық бөлімдер;
- 5.4 Жоба авторлары.

6. ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасымен жұмыс жасау бағыттары

- 6.1 Жобаларды іздеу және тарту, ОПҚ-мен ақпараттық сессиялар, кездесулер өткізу.
- 6.2 Жобаларды іріктеу процесін ұйымдастыру, коммерцияландыруға әлеуеті бар жобаларды іріктеу.
- 6.3 Жобаларды басқару, ұйымдастырушылық қолдау және мониторинг жасау.
- 6.4 Сыртқы даму институттарының қаражатын тарту, гранттық қаржыландыруға өтінімдерді дайындау және инвестицияларды іздеу.
- 6.5 Қаржыландыру алған жобаларды дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізу, табысты өсіру.
- 6.6 Коммерцияландыру саласында іс-шаралар өткізу, дөңгелек үстелдер, семинарлар, іскерлік кездесулер өткізу.

7. Мемлекеттік және басқа мекемелер тарапынан ұйымдастырылатын гранттық конкуре мақсаты және конкуреқа қатысу тәртібі

Коммерцияландыру жобасы конкуресының мақсаты

7.1 Гранттық қаржыландыру тетіктері арқылы табыс алуға бағытталған процестер мен қызметтердің жаңа немесе жетілдірілген тауарларын нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда ҒҒТҚН іс жүзінде қолдануға жәрдемдесу.

7.2 Конкурестардың негізгі принциптері - процестің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы кезіндегі транспаренттілігі, ҒҒТҚН-нен табыс алуға тартылған адамдардың құқықтары мен мүдделеріне кепілдік беру, экономиканың басым секторларында ҒҒТҚН коммерцияландыруды экономикалық ынталандыру, білім, ғылым, өндіріс және инновациялық даму институттарының интеграциясы.

7.3 Гранттық қаржыландыру ҒҒТҚН коммерцияландыру мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізуге, жобаны коммерцияландыруға бөлінеді.

Мемлекеттік мекемелер тарапынан ұйымдастырылған коммерцияландыру жобасының конкуреқа қатысу тәртібі

7.4 Коммерцияландыру жобаларының гранттық қаржыландыру конкуресы туралы хабарландыру беріледі.

7.5 Коммерцияландыру офісі университеттің барлық ОПҚ және қызметкерлеріне конкуре туралы толық ақпарат береді.

7.6 Коммерцияландыру офісі қажетті құжаттар және конкуре талаптары туралы ақпаратты университет сайтында, әлеуметтік желілерде жариялайды.

7.7 Конкуреқа қатысатын жоба авторларымен байланыста болып, ақпараттық, құжаттамалық сүйемелдеу қорсетеді.

7.8 Конкуреқа қатысу үшін өтінім беріледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-021-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
ҒТҚН коммерцияландыру бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 5 – беті

7.9 Өтінімде мәлімделген қолда бар зияткерлік меншік объектілері лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қызмет шарты бойынша роялти немесе сыйақы төлеу талаптарын көрсетіп грант алу туралы шарт жасасу алдында грант алушыға берілуге тиіс.

7.10 ҒТҚН қорғау құжаттары болмаған жағдайда лицензиялық шарттың талаптарын қамтитын ҒТҚН грант алушыға беру туралы шарт ұсынылады.

7.11 Жобаны іске асыру шеңберінде жаңадан құрылатын зияткерлік меншік объектілері грант алушыға тіркелуі тиіс.

7.12 Конкурсе ұйымдастырушы мекеме конкурстық құжаттардың сәйкестігін тексереді.

7.13 Конкурсе ұйымдастырушы мекеме технологиялық және экономикалық маркетингтік сараптама жасайды.

7.14 Ұлттық ғылыми кеңес шешім қабылдайды, ұйымдастырушы мекеме грант алушымен келісім-шартқа отырады.

7.15 Коммерцияландыру жобасын іске асыру мерзімі басталады.

8. Коммерцияландыру жобаларын іске асыру тәртібі және орындалу процесінің мониторингі

8.1 Жобаларды іске асыруды берілген грантқа және жобаны іске асырудың күнтізбелік жоспарына сәйкес жоба процесінің қатысушылары жүзеге асырады.

8.2 Жобаларды іске асыруды жобаны іске асыру туралы шартқа сәйкес, белгіленген тәртіпте университет және жобалық топ жүзеге асырады.

8.3 Жобаларды іске асыру шеңберінде сатып алынған және/немесе құрылған барлық материалдық активтер университетке тиесілі болады.

8.4 Жобаларды іске асыру шеңберінде құрылған зияткерлік меншікті пайдаланудан түсетін табыстарды бөлу университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.5 Күнтізбелік жоспарларға және жобаларды іске асыру туралы жасалған шарттарға сәйкес жобалардың іске асырылу процесін бақылау мақсатында коммерцияландыру офісі жобалардың іске асырылу процесіне мониторинг жүргізеді.

8.6 Жобалар мониторингінің негізгі мақсаты жобаларды іске асыру процесі туралы дұрыс ақпарат алу және жобаларды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында жобаларды іске асыру процесіне әсер ететін факторларды анықтау болып табылады.

8.7 Жобаны іске асыру процесінде коммерцияландыру офісі мынадай функцияларды орындайды:

- 1) жобаны іске асыру процесінің мониторингі;
- 2) жобаны іске асыру тиімділігін бағалау;
- 3) жобаның коммерциялануын қамтамасыз ету;
- 4) зияткерлік меншік объектісіне қорғау құжатын алу процесін сүйемелдеу.

9. Коммерцияландыру жобаларын іске асыру мерзімін аяқтау

9.1 Жобаларды іске асыру мерзімі аяқталғаннан кейінгі күтілетін нәтиже:

9.1.1 зияткерлік меншік объектісіне қорғау құжаты;

9.1.2 өнімнің/ жұмыстың (қызметтің)/ технологияның прототипі;

9.1.3 өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өндіруді және сатуды ұйымдастыру;

9.1.4 жобаны одан әрі коммерцияландырудың әзірленген жоспары;

9.1.5 жобаны ілгерілету шеңберінде әлеуетті әріптестермен және тұтынушылармен жүргізілген жұмыс туралы есеп;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-021-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
ҒҒТҚН коммерцияландыру бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 6 – беті

9.1.6 коммерцияландырудан түскен табысты, гранттық қаржыландырудың жалпы сомасының кемінде он пайызына жеткізу;

9.1.7 лицензиялық шартты және ҒҒТҚН-ға құқықтарды басқаға беру шартын жасау;

9.1.8 жобаға инвестициялар тарту.

10. ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасымен жұмыс жасау кезіндегі қатысушылардың қызметтері

10.1 Коммерцияландыру офисінің қызметі:

10.1.1 Университеттің салалық бағытына сәйкес бәсекеге қабілетті коммерциялық перспективалы ғылыми зерттеу жобаларын іздеу және нарыққа шығару;

10.1.2 ОПҚ-ның, факультеттердің және ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға жәрдемдесу;

10.1.3 ОПҚ, ғылыми қызметкерлерді ғылыми жұмысқа тарту бойынша университеттің құрылымдық бөлімдерінің қызметін жандандыру, жобаларды коммерцияландыру арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылықты ояту.

10.1.4 ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларын дамыту және авторларды ынталандыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

10.1.5 ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларының іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

10.1.6 Мемлекеттік, халықаралық мекемелер және жеке кәсіпорындар тарапынан өткізілетін конкурстар туралы, инновациялық жобаларды қаржыландыру көздері туралы ақпарат беру және қажетті құжаттарды дайындауға қатысу, көмектесу;

10.1.7 Жобаларды іріктеу процесін ұйымдастыру;

10.1.8 Университет ғалымдарының коммерцияландыру әлеуеті бар ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасау;

10.1.9 Маркетингтік зерттеулерді жүргізу;

10.1.10 Ғылыми зерттеу жұмыстарын коммерцияландыру және зияткерлік меншікті қорғау мәселелері бойынша ақпараттық-консультациялық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу;

10.1.11 Инновациялық жобаларды жасауға кеңес беру, ұйымдастырушылық және техникалық жәрдемдесу, ғылыми-зерттеу, жобалау және кәсіпкерлік қызметті үйлестіруге мүмкіндік беретін құзыреттерді қалыптастыру арқылы ОПҚ мен ғылыми қызметкерлерді ғылыми-зерттеу, кәсіпкерлік қызметке жүйелі түрде тарту;

10.1.12 Коммерцияландыру жобаларының орындалуын бақылау, жоба аясында өндірілген өнімнің сатылуын қамтамасыз ету;

10.1.13 Коммерцияландыру жобасы аяқталғаннан кейінгі кезеңдегі жобаға қойылған жоспарлардың, есептердің орындалуын қамтамасыз ету;

10.1.14 ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларынан түскен табысты басқару;

10.1.15 ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларынан түскен табысты жоба авторларына сыйақы беру жұмыстарын белгіленген тәртіпте ұйымдастыру.

10.2 ОПҚ, ғылыми қызметкерлердің және жоба авторларының қызметі:

10.2.1 Мемлекеттік, халықаралық мекемелер және жеке кәсіпорындар ұйымдастырылған конкурстарға қатысу;

10.2.2 Жоба соңында күтілетін нәтижелердің өндіріске ену мүмкіндігі жоғары және коммерциялану әлеуеті жоғары жобаларды ұсыну;

10.2.3 Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес өтінімдерді беру;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖП-СМЖ-021-2022</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
ҒҒТҚН коммерцияландыру бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 7 – беті

10.2.4 Мемлекеттік, халықаралық мекемелер және жеке кәсіпорындар тарапынан ұйымдастырылған конкурс нәтижесінде гранттық қаржыландыру үшін мақұлданған жобаларды Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру;

10.2.5 ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру аясында бөлінген қаражатты жоба аясындағы құжаттамаларда көрсетілген мақсаттарға бағыттау;

10.2.6 Ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру үшін, белгіленген тәртіпте келісім-шарт жасау;

10.2.7 Зияткерлік меншік объектісіне қорғау құжатын алу;

10.2.8 Коммерцияландыру жобасы аясында өнімнің/ жұмыстың (қызметтің) технологияның прототипін жасау;

10.2.9 Коммерцияландыру жобаларын іске асыру мерзімін белгіленген тәртіпте, қойылған талапқа сәйкес орындау;

10.2.10 Жобаны іске асыру аясында және жобаны іске асыру мерзімі сәтті аяқталып, іске асыру мерзімінен кейінгі кезеңіндегі қойылатын барлық талаптарды, есептерді, жоспарларды орындау.

11. ҒҒТҚН коммерцияландыруға қатысушылардың құқықтары

11.1 ҒҒТҚН коммерцияландыруға арналған халықаралық, республикалық, гранттық конкурстарға қатысуға;

11.2 Авторлар ҒҒТҚН жасағаны және өндіріске ендіргені (пайдаланғаны) үшін сыйақы алуға;

11.3 Университет гранталушы, патент иеленуші ретінде коммерцияландырудан түскен табыстан өз үлесін алуға;

11.4 Конкурстардың шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға;

11.5 Жоба авторлары университет атынан Республикалық, Халықаралық конкурстарға қатысуға;

11.6 Автордың өзі жасаған, анықтаған немесе өсіріп шығарған селекциялық жетістікті патенттің қолданылу мерзімі ішінде пайдаланғаны үшін патент иеленушіден сыйақы алуға;

11.7 Авторға қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін сыйақы төлеу мөлшері, шарттары мен тәртібі автор мен жұмыс беруші арасындағы келісімде айқындалады.

12. Коммерцияландыру жобаларын іске асыру ережелері

12.1 Грант қаражаты екінші деңгейдегі банктердегі арнайы эскроу-шотта орналастырылады.

12.2 Күнгізбелік жоспардың, шығыстар сметасының және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жоспарланған іс-шаралары қатаң орындалады.

12.3 Грант қаражатының әрбір траншы игерілгеннен кейін аннотациялық есеп беріледі.

12.4 Аннотациялық, жылдық және қорытынды есептер ұсынылады.

12.5 Жобаның камеральдық, көшпелі және гранттан кейінгі мониторингі жүргізіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-021-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
ҒҒТҚН коммерцияландыру бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 8 – беті

13. ЖАУАПКЕРШІЛІК

13.1 Осы нұсқаулық талаптарының енгізілуіне Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен университеттің барлық құрылымдық бөлімдері айналысады.

13.2 Осы нұсқаулық талаптарын орындамаған немесе сол талаптардың орындалуын қамтамасыз етпеген жағдайда құрылымдық бөлімдердің бірінші басшылары әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А. Ошибаева

Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президенті




П. Пилтен

Шаруашылық мәселелер вице-ректорының қызметін атқарушы



Г. Байсенкул

Заң бөлімінің басшысы



Г. Мусаханов

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж. Дарибаев